

Мамандық бойынша тест: 1-пән

1. Кенді байытуға дайындау сұлбасында ұсатудың қажетті сатысының санын анықтауы _____ анықталады.

- A) бір ұсатқыштар санымен
- B) кен қаттылығымен
- C) ұсатқыштар түрімен
- D) ұсатуға дейінгі және ұнтақтауға дейінгі ең ірі кесектің диаметрімен
- E) минералдардың сеппелігімен

2. Төменде келтірілген қара түсті металдар топтарына жататындар:

- A) Fe, Cr, Mn
- B) Mg, Al, Be
- C) Na, K, Li
- D) Au, Ag, Pt
- E) Pb, Zn, Cu

3. Ортаның рН көрсеткішін анықтауда қолданылатын әдіс.

- A) спектрлі талдау
- B) колориметриялық, потенциометриялық, химикалық-аналитикалық және кондуктометриялық
- C) реагенттердің концентрациясын өлшеу
- D) фракциялық талдау
- E) кондуктометриялық әдіс

4. Өріс нүктесінде магнит өрісінің кернеуінің формуласы:

- A) $B = \mu / \mu_0 H$
- B) $I = M / V$
- C) $B = \Phi / S$
- D) $H = F / m$
- E) $\text{grad} = dH / dX$

5. Десорбция процесі _____ үшін жүргізіледі.

- A) қойыртпақ температурасын жоғарлату
- B) минерал бетін гидрофобизациялау
- C) минералды активтендіру
- D) минерал бетін жинағыш реагентінен тазалау
- E) көбік жасау

6. Диаметрі және биіктігі бірнеше метрге жететін цилиндр бактан тұратын жабдық:

- A) қойыртпақты араластырғыш чан
- B) колонналы пневматикалық машина
- C) шкивті реагент түсіргіш
- D) скипті флотореагент түсіргіш
- E) автоматты шөмішті түсіргіш

7. Конусты ауыр орталы бөлгіште аэролифті құбыр _____ қолданылады.

- A) суспензидты тығыздық бойынша бөлу үшін
- B) байытылатын түйіршіктерді тығыздықтарына қарай бөлу үшін
- C) ауыр фракцияны жоғары шығару үшін
- D) жеңіл фракцияны жоғары шығару үшін
- E) ауырлатқышты ірілік бойынша бөлу үшін

8. Бөліну тығыздығы концентратқа және қалдыққа шыққан фракциялардың тығыздықтарына сәйкесті (%):

- A) 75
- B) 85
- C) 50
- D) 15
- E) 25

9. Ауыттырғыш электрод орнына коронды электрод орнатылған бөлгіш.

- A) барабанды магнитті бөлгіш
- B) коронды
- C) коронды-электростатикалық
- D) трибоэлектростатикалық
- E) электростатикалық

10. Фотометриялық сепараторда сорттаушы таспаның түсі:

- A) әртүрлі түсті
- B) сұр түсті
- C) қара түсті
- D) ақ түсті
- E) қызыл түсті